

ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК Байқау кенесінің 2025 жылғы «25» тамыздағы шешімімен бекітілді № 16 хаттама

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі  
«Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына және Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №285 бүйрүғымен бекітілген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ТФӨО) медициналық қызмет көрсету, ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі болып табылады.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ТФӨО қызметкерлерінің өздерінің функционалдық міндеттерін орындау және өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде ұстануға тиіс іс-әрекеттерін айқындайды.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт мақсаты – ТФӨО қызметінде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыйбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаттары:

- ТФӨО қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінездүлкін қалыптастыру;
- сыйбайлас жемқорлықты және оның жағымсыз салдарын уақытылы анықтау және оның алдын алу;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

**II. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары**

1. зандылық;
2. транспаренттілік;
3. этикалық қағидаларды сақтау;
4. жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мүдделерін сақтау;
5. Мүдделер қақтығысына жол бермеу;
6. сыйбайлас жемқорлықпен күреске үлес қосқан адамдарды қорғау және көтермелеу;
7. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазадан бұлтартпау.

### **III. Қызметкерлерде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты функционалдық міндеттерін орындау кезінде ТФӨО қызметкерлері тараапынан сақтауға жатады. Сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ТФӨО әр қызметкерінің азаматтық ұстанымына айналу керек.
2. Адалдық пен риясзыздық ТФӨО қызметкерлерінің мінез-құлқына сәйкес келетін негізгі қасиеттерінің бірі болу керек. Қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы деген тұрақты иммунитеті, оны қоғамдық айыптау болмаған жағдайда ТФӨО басты мақсаты – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында жоғары сапалы медициналық қызметтерді көрсетуді жүзеге асыру мүмкін емес.
3. ТФӨО әрбір қызметкери сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әрбір азаматтың және барлық қоғамның ісі екенін түсініп, есте сақтағаны жөн. Сыйбайлас жемқорлықты түсіну және одан бас тарту – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі.

### **IV. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану тәртібі**

1. ТФӨО қызметкерлері өздерінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын басшылыққа алуға тиіс.
2. ТФӨО қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындау және жекелеген шешімдерді қабылдау жеке және занды тұлғалардың мүдделерімен және қызметкердің жеке мүдделеріне байланысты болмау керек.
3. ТФӨО қызметкерлері жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын өзге де ақпаратты пайдаланбауға тиіс.
4. ТФӨО қызметкерлері қызметтік міндеттерін (функционалдық міндеттерін) орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамауға тиіс.

5. ТФӨО қызметкерлері функционалдық міндеттерін орындау кезінде жеке мәселелерін шешу үшін қызметтік жағдайды пайдаланбағаны жөн.

6. ТФӨО қызметкерлері қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

7. ТФӨО қызметкерлері белгілі бір міндеттерді орындау және шешім қабылдау кезінде қызметкердің бейтараптығына күмән тудыра алатын әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

8. ТФӨО қызметкерлері:

– өздеріне белгілі болған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы басшылықты, комплаенс қызметкерін және (немесе) құқық қорғау органдарын бірден хабардар етуге;

– қажет болған жағдайда тікелей (тікелей) басшыны немесе комплаенс қызметкерін мұдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мұдделердің, сыйбайлас жемқорлық мінез-құлыққа бейімділіктің және сыйлықтар алу жағдайларының туындей алатыны туралы хабардар етуге;

- әріптер мен басшыларға қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын және олардың бейтарап ресми шешім қабылдауына әсер ететін заңсыз өтініштерді жасамауға;

- қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамауға немесе бермеуге;

- материалдық және материалдық емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

- жақын туыстық қатынастардағы адамдарға (ата-ана, жұбайлар, аға-інілдер, апа-сіңлілер, балалар) тікелей бағынуына немесе бақылауға байланысты, лауазымға тағайындаудан бас тартуға;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресте және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

- орындауға алынған өкімнің заңдылығына күмән тудырған жағдайда басшыны немесе комплаенс-офицерді бірден жазбаша хабадар ету;

- жоғары құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауға;

- қызметтік тәртіп пен қызметтік этиканы сақтауға;

- басшылыққа деген жеке адалдықтың көріністері, өзінің қызметтік мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтарды алуға ұмтылуға жол бермеуге міндетті.

9. ТФӨО Басқарма төрағасының орынбасарлары, ТФӨО құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жоғарыда аталған талаптардан басқа:

– туыстық, аймақтық қатыстылық және жеке адалдық бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

– лауазымдық өкілеттіктерді және оларға негізделген өкілеттіктерді жеке, топтық немесе өзге де қызметтік емес мұдделер үшін пайдалануға болатын әрекеттерге жол бермеуге тиісті.

## 10. TFӨО Басқармасының төрағасы:

- өз мінез-құлқымен бейтараптық, әділдік, жанқиярлық, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеудің үлгісі болып табылады;
- басшылықты дара басқару қызметі арқылы жүзеге асырады және қабылданған шешімдердің зандылығы үшін жеке жауапты болады;
- қарамағындағы қызметкерлерден олардың лауазымдық өкілеттіктерінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпейді;
- қарамағындағы қызметкерде қызметтік міндеттерін орындау барысында туындайтын мұдделер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды жедел қабылдайды;
- сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою шараларын қабылдайды;
- қарамағындағы қызметкерлермен құмар ойындарға қатысадан бастартады;
- мұдделер қақтығысының, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен шарттарын жою жөніндегі шараларды тұрақты негізде қабылдайды;
- өздеріне бағынысты қызметкерлер арасындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың жай-күйіне және олардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауын блдырмау үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

## V. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің карталау

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейін белгілеу, осал аймактарды анықтау және оны барынша азайту жөніндегі тиісті шараларды анықтау мақсатында комплаенс-офицер сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша жыл сайын TFӨО қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын жүргізеді. Бұл әлсіз жақтарды жедел анықтауға, ішкі процестерді оңтайландыруға және ұйымның сыйбайлас жемқорлық қауіптеріне төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2. Тәуекелдер картасы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жойылуына, Қазақстан Республикасының заннамасының, TFӨО ұйымдық-штаттық құрылымының, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің өзгеруіне немесе TFӨО сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әсер ететін басқа да өзгерістердің туындауына қарай түзетілуге жатады.